Dujsenbaev A.K. (2021) Kazak halkynyn etnomadeni muralaryndagy patriottyk tarbie. *Pedagogika zhane psihologiya*, 4(49), 260-237 [Electronic resource]: URL: https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped (date of access: 27.01.2026).
Adebiettik oku (2020) *2-synypka arnalgan okulyk*. Almaty: Atamura, 220.
Makataev M. (2012) *Olender men poemalar*. Almaty: Zhazushy, 255.
Altynsarin Y. (2019) *Tandamaly shygarmalar*. Almaty: Zhazushy, 288.
Tazhibaev A. (2010) *Shygarmalar zhinagy*. Almaty: Ana tili, 272.
Mukhtarkyzy A. Z., Khalitova I., Kassimbekova B., Atemkulova N., Smailova F.I., Boranbayeva A. (2022) The use of fairy-tale therapy technology by teachers in the formation of children's communication skills. *World Journal on Educational Technology*: Current Issues, 14(4), 1065-1076. DOI: https://doi.org/10.18844/wjet.v14i4.7675 [Electronic resource]: URL: https://un-pub.eu/ojs/index.php/wjet/article/view/7675 (date of access: 27.01.2026).
Zhengisbek T., Slushash T.,Elnura A., Nurken A. (2014) Formation of civil and patriotic education of youth in Kazakhstan. *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 116, 4859-4863 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814010556 (date of access: 23.03.2026).
Zerihun T., Dawit M. (2024) Developing good person and citizen through civic and ethical education in Ethiopia: A content analysis of secondary school textbooks. *Social Sciences & Humanities Open*, 10, 100913 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2590291124001104 (date of access: 23.03.2026).
KR Zany (2001) Kazakstan Respublikasyndagy zhergilikti memlekettik baskaru zhane ozin-ozi baskaru turaly: *Kazakstan Respublikasy Zany*, 23 kantar [Electronic resource]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148 (date of access: 26.01.2026).
Kaliev S., Zharykbaev K. (2020) *Kazak talim-tarbiesi*. Almaty: Sanat, 352.

Поступила в редакцию: 01.02.2026
Одобрена: 28.03.2026
Первая публикация: 26.06.2026

МРНТИ: 14.35.07 https://doi.org/10.65247/3136-8042-2026-3.07

СТУДЕНТТІҢ ЦИФРЛЫҚ ЭКОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ГИГИЕНАНЫҢ ТҰЛҒАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

*[1]*Л.САДИХ , [1]Г.Г.ЖУСУПБЕКОВА*
[1]Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
(Көкшетау, Қазақстан)
**sadikhlashyn007@gmail.com, g.g.zhussupbek@shokan.edu.kz*

Аңдатпа. Бұл зерттеу студенттің цифрлық экологиясы жағдайында цифрлық гигиенаның тұлғаның тұрақты дамуына ықпалын кешенді талдауға бағытталған. Қазіргі цифрландыру үдерісі студенттердің өмір сүру кеңістігін түбегейлі өзгертіп, олардың оқу, қарым-қатынас және өзін-өзі дамыту әрекеттерін цифрлық ортада жүзеге асыруына жағдай жасауда. Осындай жағдайда цифрлық гигиена - ақпараттық қауіпсіздікті сақтау, уақытты тиімді басқару, онлайн ортадағы мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету құралы ретінде маңызды мәнге ие. Зерттеу нысаны - студенттің цифрлық экологиясы, ал зерттеу пәні - цифрлық гигиена дағдылары мен тұлғаның тұрақты дамуы арасындағы өзара байланыс. Зерттеудің мақсаты - студенттердің цифрлық гигиена деңгейін анықтау және оның интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштеріне ықпалын айқындау. Зерттеу барысында сауалнама, бақылау, талдау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында студенттердің цифрлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын жетілдіруге негіз бола алады.
Түйін сөздер: цифрлық экология, цифрлық гигиена, тұлғаның тұрақты дамуы, студент, ақпараттық қауіпсіздік, психологиялық тұрақтылық.

Влияние цифровой гигиены в цифровой экологии студента на устойчивое развитие личности

[1]Л.Садих, [1]Г.Г.Жусупбекова
[1]Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова (Кокшетау, Казахстан)

Аннотация. Данное исследование направлено на всесторонний анализ влияния цифровой гигиены на устойчивое развитие личности в контексте цифровой экологии студентов. Современная цифровизация радикально меняет пространство жизнедеятельности студентов, создавая условия для реализации их учебной, коммуникативной и самосовершенствующей деятельности в цифровой среде. В этой ситуации цифровая гигиена приобретает важное значение как инструмент обеспечения информационной безопасности, эффективного управления временем, формирования культуры поведения в онлайн-среде и поддержания психологической устойчивости. Объект исследования – цифровая экология студента, предмет исследования – взаимосвязь между навыками цифровой гигиены и устойчивым развитием личности. Цель исследования – определить уровень цифровой гигиены студентов и выявить её влияние на показатели интеллектуальной, эмоциональной и социальной устойчивости. В исследовании применялись методы анкетирования, наблюдения, анализа и сравнительного исследования. Полученные результаты могут стать основой для совершенствования образовательных программ в высших учебных заведениях, направленных на формирование цифровой культуры студентов.
Ключевые слова: цифровая экология, цифровая гигиена, устойчивое развитие личности, студент, информационная безопасность, психологическая устойчивость.

The impact of digital hygiene in a student's digital ecology on sustainable personal development

[1]L.Sadikh, [1]G.G.Zhussupbekova
[1]Sh.Ualikhanov Kokshetau University (Kokshetau, Kazakhstan)

Abstract. This study aims at a comprehensive analysis of the impact of digital hygiene on sustainable personal development within the context of students' digital ecology. Modern digitalization fundamentally transforms students' living environment, creating conditions for conducting their learning, communication, and self-development activities in the digital space. In this context, digital hygiene is of crucial importance as a tool for ensuring information security, effective time management, developing online behavioral culture, and maintaining psychological stability. The research object is the student's digital ecology, and the research subject is the relationship between digital hygiene skills and sustainable personal development. The study aims to determine students' digital hygiene levels and assess its impact on intellectual, emotional, and social stability indicators. Surveying, observation, analysis, and comparative methods were employed in the study. The results can serve as a basis for improving higher education programs aimed at fostering students' digital culture.
Keywords: digital ecology, digital hygiene, sustainable personal development, student, information security, psychological stability.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның қарқынды цифрлануы білім беру саласына жаңа талаптар қойып, студенттердің кәсіби және академиялық дайындығында цифрлық сауаттылықтың рөлін едәуір арттырды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму қарқыны білім алушылардан тек ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар цифрлық кеңістікте саналы, жауапкершілікпен және этикалық тұрғыдан әрекет ету дағдыларын талап етеді. Осы тұрғыда цифрлық сауаттылық студенттің оқу үдерісіндегі табысты көрсеткішін анықтайтын маңызды және көпқырлы құзыреттілік ретінде қарастырылады. Бұл құзыреттілік қазіргі заман білім беруінде тек академиялық жетістікке жетуге ғана емес, сонымен қатар тұлғаның кәсіби және әлеуметтік бейімделуіне тікелей ықпал етеді.

Білім беру тәжірибесінде студенттердің цифрлық деңгейін бағалаудың кең тараған тәсілі – өзін-өзі бағалау. Дегенмен, цифрлық құралдарды жиі қолдану олардың нақты практикалық дағдыларының жоғары екенін әрдайым білдірмейді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей,

студенттердің өз мүмкіндіктерін асыра немесе төмен бағалауы жиі кездеседі, бұл оқу нәтижелеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сондықтан цифрлық сауаттылықты тек субъективті бағалау емес, нақты практикалық тапсырмалар арқылы да өлшеу қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарында цифрлық сауаттылықты дамыту басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылғанымен, студенттердің цифрлық құзыреттілігін объективті бағалау мәселесі әлі де ғылыми зерттеуді қажет етеді. Осыған орай, студенттердің цифрлық экологиясындағы цифрлық гигиенаның тұлғаның тұрақты дамуына ықпалын зерделеу қазіргі білім беру жүйесінің өзекті ғылыми мәселелерінің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім

Қазіргі зерттеулерде студенттердің цифрлық сауаттылығы олардың оқу жетістігі мен кәсіби дамуын айқындайтын маңызды құзыреттілік ретінде қарастырылады. Ғалымдар бұл қабілетті ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және цифрлық технологияларды тиімді әрі қауіпсіз пайдалану дағдыларымен байланыстырады [Gilster P., 1997; Buckingham D., 2015]. Цифрлық сауаттылық тек техникалық дағдылардан тұрмай, пәнаралық сипатқа ие күрделі құбылыс болып табылады.

П.Гилстер цифрлық сауаттылықты ақпаратты түсіну және оны мақсатты түрде пайдалану қабілеті ретінде қарастырады [Gilster P., 1997]. Кейінгі зерттеулер бұл ұғымды кеңейтіп, оған сыни ойлау, ақпаратты бағалау және саналы цифрлық әрекет жасау дағдылары қосылған. Британ ғалымы Д.Баккингем цифрлық сауаттылықты тек технологияны меңгерумен шектемей, медиа контентті түсіну және ақпаратты саналы түрде қабылдау қабілеттерімен байланыстырады [Buckingham D., 2015].

Халықаралық зерттеулер цифрлық сауаттылықты XXI ғасырдың негізгі дағдыларының бірі деп таниды. OECD мәліметтері бойынша, сауалнама мен практикалық тапсырмаларды бірге қолдану студенттердің цифрлық мүмкіндіктерін нақты әрі объективті бағалауға мүмкіндік береді [OECD, 2019].

Өзін-өзі бағалау мәселесі педагогика мен психологияда кеңінен қарастырылады. Дж.Флавеллдің метатаным теориясы бойынша, тұлғаның өз әрекетін бақылау және реттеу қабілеті оның өзін-өзі бағалау деңгейімен тікелей байланысты. Алайда Я. ван Дейк пен А. ван Дорсен студенттердің цифрлық дағдыларын субъективті бағалауы практикалық қабілеттерімен әрдайым сәйкес келмейтінін көрсеткен [Van Dijk J., Van Deursen A., 2014].

Қазақстандық ғалымдар цифрлық сауаттылықты болашақ мамандардың кәсіби және академиялық дамуының негізгі факторы ретінде қарастырады. С.Қ.Құдайбергенова бұл қабілетті студенттің ақпараттық-коммуникациялық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттап, практикалық тапсырмалардың рөлін көрсетеді [Құдайбергенова С.Қ., 2013]. O.A.Nizomova жоғары оқу орындарында студенттер мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық моделін қолдана отырып, цифрлық гигиена мәдениетін қалыптастыру қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді [Nizomova O.A., 2025].

Шетелдік тәжірибе цифрлық дағдыларды практикалық тапсырмалар арқылы бағалаудың тиімділігін растайды. «Future of Jobs» баяндамасында цифрлық құзыреттілік пен саналы мінез-құлық болашақ мамандардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын басты факторлар ретінде қарастырылған [World Economic Forum, 2025].

Осылайша, негізгі бөлімде цифрлық сауаттылық ақпаратты саналы пайдалану, қауіпсіздік, этика және рефлексиялық қабілеттерді қамтитын көпқырлы құбылыс ретінде сипатталады.

Әдеби шолу

Цифрлық сауаттылық пен гигиена мәселелерін зерттеудің теориялық негіздері соңғы отыз жылда айтарлықтай эволюциядан өтті. Зерттеушілер бұл құбылысты тек техникалық

дағдылар жиынтығы емес, тұлғаның цифрлық экологиядағы тұрақтылығын қамтамасыз ететін кешенді құзыреттілік ретінде қарастырады.

Зерттеудің іргетасы П.Гилстердің [Gilster P., 1997] еңбектеріне сүйенеді, ол цифрлық сауаттылықты ақпаратты когнитивті түсіну және оны мақсатты түрде пайдалану қабілеті ретінде анықтаған. Алайда, заманауи ақпараттық ағынның артуына байланысты Д.Бакингем [Buckingham D., 2015] бұл ұғымды кеңейтіп, медиадискурсты сыни тұрғыдан талдау мен ақпаратты саналы түрде қабылдау қажеттілігіне басымдық берді. Бұл тәсіл цифрлық гигиенаның негізі болып табылатын «ақпараттық сүзгіден өткізу» дағдысының маңыздылығын негіздейді.

Педагогикалық психология тұрғысынан студенттердің өз мүмкіндіктерін бағалауы метатанымдық қабілеттермен тығыз байланысты (Дж. Флавелл). Дегенмен, Я. ван Дейк пен А. ван Дорсеннің [Van Dijk J., Van Deursen A., 2014] зерттеулері көрсеткендей, «цифрлық тумалар» (digital natives) санатындағы студенттердің субъективті өзін-өзі бағалауы мен олардың практикалық қабілеттері арасында жиі сәйкессіздік байқалады. Бұл мәселе біздің зерттеуімізде Padlet, Mentimeter және Genially платформалары арқылы объективті бағалау жүргізудің қажеттілігін айқындайды.

Егер П. Гилстер мен Дж. Флавелл сияқты классиктер метатаным мен цифрлық сауаттылықтың іргетасын қаласа, заманауи зерттеушілер [Schater S., Farnell G., 2023; Berdi D. et al., 2024] бұл ұғымдарды цифрлық гигиена контекстінде қарастырады. Олар студенттердің өз дағдыларын асыра бағалауын (illusion of competence) метатанымдық мониторингтің төмендігімен байланыстырады.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте цифрлық сауаттылық болашақ мамандардың кәсіби бейімделу факторы ретінде қарастырылады. С.Қ. Құдайбергенова [Құдайбергенова С.Қ., 2019] бұл қабілетті студенттің ақпараттық-коммуникациялық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде сипаттаса, O.A.Nizomova [Nizomova O.A., 2025] цифрлық ортада ақпараттық қауіпсіздік пен рефлексиялық дағдыларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін ұсынады. Соңғы жылдары Ж.Т.Сулейменова мен П.Б. Сейітқазы [Сулейменова Ж.Т., Сейітқазы П.Б., 2024] еңбектерінде цифрлық этикет мәселесі көтерілсе, К.Сайлыбаева [Сайлыбаева К., 2026] цифрлық гигиенаның психологиялық аспектілері мен эмоционалдық тұрақтылыққа әсерін зерттеуде.

Қорытындылай келе, қолданыстағы әдебиеттерді талдау студенттердің цифрлық экологиясындағы гигиеналық дағдыларды тек теориялық тұрғыдан емес, практикалық іс-әрекет және психологиялық тұрақтылық контекстінде кешенді зерделеудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл біздің зерттеуіміздің бағытын – субъективті қабылдау мен объективті дағдылардың арасындағы байланысты анықтау қажеттілігін айқындап отыр.

Әдістер

Бұл зерттеу студенттердің цифрлық экологиясындағы гигиеналық дағдыларын бағалауға, олардың өз әрекеттерін бағалауы мен нақты дағдылары арасындағы байланысты анықтауға бағытталды. Зерттеудің негізгі мақсаттары келесідей анықталды: цифрлық гигиенаның негізгі құрамдас бөліктерін айқындау, олардың оқу процесінде көрінісін талдау, сондай-ақ студенттердің практикалық қабілеттерін объективті өлшеу.

Зерттеу процесінде сапалық және сандық әдістерді үйлестіру басты рөл атқарды. Бұл тәсіл студенттердің цифрлық ортада әрекет ету деңгейін тек қана сауалнама нәтижелері арқылы емес, нақты практикалық тапсырмалар арқылы да бағалауға мүмкіндік берді. Сандық деректер студенттердің әрекеттерін сандық шкалаға айналдыруға, ал сапалық мәліметтер олардың тәжірибесін, мотивациясын және онлайн мінез-құлқын терең түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әдістемелік тұрғыдан бұл комбинация зерттеудің ішкі сенімділігін арттырып, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.

Зерттеу іріктемесі N = 110 студентті қамтыды. Оларға педагогикалық, психологиялық және тіл-әдеби бағыттағы мамандықтар бойынша білім алатын 1-4 курс студенттері кірді. Атап айтқанда, іріктемеге бастауыш білім беру, мектепке дейінгі тәрбие, әлеуметтік педагогика, қазақ тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика сияқты бағыттар бойынша білім алушылар енді. Қатысушылардың 58% қыздар, 42% ұлдар құрады. Іріктеу ерікті қатысу және оқу процесінде қолжетімділік негізінде жүргізілді, бұл зерттеудің этикалық аспектілерін сақтауға мүмкіндік берді. Барлық қатысушылар зерттеу мақсаты, деректерді жинау әдістері және алынған ақпараттың құпиялығы туралы хабардар етілді. Сонымен қатар, қатысушылардың жас ерекшелігі, мамандық бағыты және практикалық тәжірибесі әртүрлі болды, бұл зерттеудің сыртқы сенімділігін және алынған нәтижелердің генерализациялану мүмкіндігін арттырды.

Теориялық негіз ретінде цифрлық сауаттылық, цифрлық экология, ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру үдерісін цифрландыру мәселелерін қарастыратын отандық және халықаралық зерттеулер пайдаланылды. Цифрлық гигиена кешенді құбылыс ретінде қарастырылып, оған онлайн әрекеттегі жауапкершілік, ақпаратты қорғау, саналы таңдау, этика және виртуалды коммуникация мәдениеті дағдылары кірді. Бұл тұрғыда цифрлық гигиенаны бағалау тек техникалық әрекеттерді бақылаумен шектелмей, студенттің цифрлық ортада өзін-өзі реттеу, уақытты тиімді басқару, ақпаратты сенімді көздерден алу және деректерді этикалық түрде қолдану қабілетін қамтиды.

Эмпирикалық зерттеу үшін арнайы сауалнама әзірленді. Сауалнама студенттердің онлайн қауіпсіздік дағдыларын, саналы цифрлық мінез-құлықты, уақытты басқару қабілетін, ақпаратты өңдеу және виртуалды коммуникация тәжірибесін бағалауға бағытталды. Сауалнама шкалалық сұрақтардан тұрды, бұл өз әрекеттерін сандық көрсеткішке айналдыруға мүмкіндік берді. Сауалнама сұрақтарының құрылымы студенттердің күнделікті онлайн әрекеттерін, ақпаратты іздеу мен талдау, әлеуметтік желіде этикалық мінез-құлық, виртуалды ортада өзара әрекеттесу тәжірибесін қамтиды.

Студенттердің өзін-өзі бағалау нәтижелерін нақты практикалық дағдылармен салыстыру үшін практикалық тапсырмалар әзірленді. Оларға Padlet, Mentimeter, Genially сияқты интерактивті платформалар арқылы ақпарат іздеу, деректерді өңдеу, инфографика жасау, презентацияларды құру және оқу тапсырмаларын орындау кірді. Бұл тапсырмалар студенттердің цифрлық ортада тәуелсіз жұмыс істеу, логикалық ойлау, визуалды ақпаратты тиімді ұсыну, цифрлық құралдарды өз мақсатында дұрыс пайдалану қабілетін көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тапсырмалар студенттердің практикалық дағдыларын жүйелі бағалауға арналған критерийлерге сүйенді: мазмұндық толықтық, ақпарат сапасы, құрылым мен логика, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану, презентацияның визуалды көрінісі және түсіндірме мәтіннің сапасы. Әр критерий балдық шкала бойынша бағаланып, нәтижелер сандық көрсеткіштерге айналдырылды, бұл салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Деректерді талдау кезінде салыстырмалы әдіс қолданылып, студенттердің өзін-өзі бағалауы мен практикалық тапсырмалар нәтижелері салыстырылды. Сонымен қатар, статистикалық өңдеу әдістері, оның ішінде орташа мәндерді есептеу, дисперсияны талдау, корреляциялық байланыстарды анықтау және графикалық көріністерді қолдану арқылы жүйеленді. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің объективтілігін арттырып, студенттердің цифрлық экологиядағы гигиеналық дағдылары мен субъективті баға арасындағы сәйкессіздіктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдістемелік құндылығы студенттердің цифрлық экологиядағы гигиенасын жан-жақты бағалауға, практикалық дағдылар мен субъективті бағалар арасындағы айырмашылықты анықтауға, сондай-ақ ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында студенттердің цифрлық мәдениеті мен гигиенасын дамытуға арналған оқу-әдістемелік жұмыстарға практикалық

негіз бола алады. Сонымен қатар, зерттеу цифрлық сауаттылық пен цифрлық гигиенаның білім беру үдерісіндегі өзара байланысын анықтауға, студенттердің онлайн мінез-құлқы мен кәсіби дамуына ықпал ететін факторларды түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, қолданылған әдістер кешенді түрде студенттердің цифрлық экологиядағы мінез-құлқын, практикалық дағдыларын және өзін-өзі бағалау қабілетін талдауға бағытталған. Бұл тәсіл зерттеушіге студенттердің цифрлық ортада жауапты әрекет ету дағдыларын дамытуға арналған нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ жоғары оқу орындарының цифрлық білім беру саясатын жетілдіруге практикалық жол ашып отыр.

Нәтижелер

Зерттеу барысында студенттердің цифрлық экологиядағы гигиеналық дағдылары мен олардың өзін-өзі бағалауының арасындағы байланыс қарастырылды. Эмпирикалық деректерді талдау нәтижесінде студенттердің көпшілігі өздерінің цифрлық сауаттылығын орташа немесе жоғары деңгейде бағалағанымен, практикалық тапсырмалардан алынған көрсеткіштер кейде сәйкес келмейтіні анықталды.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің 68% өздерін ақпараттық қауіпсіздік пен онлайн мінез-құлықты сақтауда сенімді деп бағалады. Алайда практикалық тапсырмалар барысында тек 54% студент қажетті стандарттарға сай әрекет еткен. Бұл айырмашылық цифрлық өзін-өзі бағалаудағы субъективтілік пен нақты қабілеттер арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Практикалық тапсырмалардың бағалау нәтижелері бойынша Padlet платформасында топтық инфографика жасау тапсырмасын орындауда студенттердің 61% тапсырманы толық әрі дұрыс орындаған. Mentimeter арқылы деректерді талдау тапсырмасын орындауда 57% студент ақпаратты дұрыс визуализациялап, қорытынды жасады. Genially платформасында интерактивті презентация жасау тапсырмасы бойынша 52% студенттің жұмысы толық критерийлерге сәйкес келді.

Зерттеу көрсеткендей, студенттердің цифрлық гигиеналық дағдылары мен өзін-өзі бағалауы арасындағы сәйкестік жас ерекшелігі мен мамандық бағытына байланысты өзгеріп отырды. 1-2 курс студенттері практикалық тапсырмаларды орындауда аздап қиындықтар танытса, 3-4 курс студенттері өздерін бағалаудағы сенімділікті практикалық нәтижелермен салыстырмалы түрде жақсы көрсетті.

Статистикалық талдау нәтижелері цифрлық гигиенаның әр компонентінің (ақпараттық қауіпсіздік, саналы мінез-құлық, уақытты басқару, онлайн этика) студенттердің практикалық дағдыларына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті ($p < 0,05$). Бұл өз кезегінде студенттердің цифрлық экологиядағы жауапты әрекеттері олардың жалпы кәсіби және академиялық дамуына ықпал ететінін дәлелдейді.

Сондай-ақ зерттеу барысында цифрлық құралдарды жүйелі пайдалану мен практикалық тапсырмаларды орындау арасындағы оң корреляция байқалды. Студенттердің цифрлық сауаттылығы мен практикалық дағдылары арасындағы байланыс коэффициенті $r = 0,62$, бұл олардың өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалау және саналы әрекет ету қабілетімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Осылайша, алынған нәтижелер студенттердің өзін-өзі бағалауы мен нақты дағдылары арасындағы сәйкессіздіктерді айқындап, цифрлық экология мен гигиенаны дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік жұмыстарға нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді (1-кесте).

Padlet бойынша студенттердің көпшілігі тапсырманы толық орындаған. Mentimeter-те деректерді визуалдауда орташа деңгей көрсеткіштері жоғары.Genially платформасында интерактивті презентация жасау қиындық тудырған студенттер саны аз емес.Студенттердің өздерін бағалауы нақты тапсырмалар нәтижесінен сәл жоғары, бұл субъективті бағалаудың айырмашылығын көрсетеді.

1-кесте

Студенттердің практикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері (%)

Платформа / Тапсырма	Тапсырманы толық орындаған (%)	Орташа деңгейде орындаған (%)	Толық орындай алмаған (%)
Padlet - инфографика жасау	61%	28%	11%
Mentimeter - деректерді визуалдау	57%	33%	10%
Genially - интерактивті презентация	52%	35%	13%
Студенттердің өздерін бағалауы	68%	22%	10%

Бұл кесте арқылы біз студенттердің цифрлық гигиеналық дағдылары мен өзін-өзі бағалау арасындағы айырмашылықтарды визуалды түрде көре аламыз.

Пікір алмасу

Зерттеу нәтижелері студенттердің цифрлық гигиеналық дағдылары мен олардың өзін-өзі бағалауы арасындағы кейбір айырмашылықтарды анықтады. Сауалнама көрсеткендей, студенттердің көпшілігі өз мүмкіндіктерін орташа немесе жоғары деңгейде бағалады, алайда практикалық тапсырмалар нәтижесі бұл бағалауды толық растамады. Бұл субъективті өзін-өзі бағалаудың нақты қабілеттермен әрдайым сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Padlet, Mentimeter және Genially платформаларындағы практикалық тапсырмалар нәтижелері студенттердің цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесінің әртүрлілігін көрсетті. Padlet пен Mentimeter-де тапсырмаларды орындау салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіш көрсетсе, Genially платформасында интерактивті презентация жасау кезінде қиындықтар байқалды. Бұл студенттердің визуалды ақпаратты тиімді ұсыну, логикалық құрылым жасау және жаңа платформалармен жұмыс істеу дағдыларының дамуына байланысты.

Студенттердің жас ерекшелігі мен мамандық бағыты да нәтижелерге әсер етті. Жоғары курс студенттері өз дағдыларын нақты бағалау мен практикалық тапсырмалар нәтижесін салыстыруда сенімділік көрсетті, ал бірінші және екінші курс студенттері кейде өз қабілеттерін асыра бағалады. Бұл олардың тәжірибесінің жеткіліксіздігі мен жаңа цифрлық құралдарды меңгерудегі қиындықтарын көрсетеді.

Зерттеу көрсеткендей, цифрлық гигиеналық дағдылар мен практикалық қабілеттер арасындағы корреляция ($r = 0,62$) олардың өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалау және саналы әрекет ету қабілетімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Бұл сандық көрсеткіш студенттердің цифрлық экологиядағы жауапты әрекеттерін дамыту мақсатында оқу процесінде нақты әдістемелік ұсыныстар қажет екенін көрсетеді.

Сондай-ақ, алынған деректер студенттердің цифрлық сауаттылығын жетілдіру үшін практикалық тапсырмалар мен интерактивті платформаларды жүйелі түрде пайдалану қажеттілігін растайды. Бұл тек технологияны меңгеру емес, сонымен қатар онлайн этика, ақпараттық қауіпсіздік, уақытты басқару және саналы таңдау дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді тәсіл болып табылады.

Осы пікір алмасу негізінде білім беру ұйымдары студенттердің цифрлық гигиенасын жетілдіру, оқу үдерісін тиімді ету және болашақ мамандардың саналы цифрлық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар жасай алады.

Қорытынды

Бұл зерттеу студенттердің цифрлық экологиядағы гигиеналық дағдыларын кешенді бағалауға және олардың өзін-өзі бағалауы мен практикалық қабілеттер арасындағы байланысын анықтауға бағытталды. Зерттеу нәтижелері келесі негізгі тұжырымдарды көрсетті:

1. Студенттердің көпшілігі өз цифрлық дағдыларын орташа немесе жоғары деңгейде бағаласа да, практикалық тапсырмалар нәтижесі кейде осы бағалауды толық растамайды.

Бұл цифрлық өзін-өзі бағалаудың субъективті сипатын және нақты қабілеттермен сәйкессіздігін көрсетеді.

2. Практикалық тапсырмалар нәтижесінде студенттердің цифрлық құралдарды тиімді қолдану деңгейі әртүрлі болып шықты: Padlet пен Mentimeter платформаларында тапсырмаларды орындау салыстырмалы түрде жоғары болса, Genially платформасында интерактивті презентация жасау кезінде қиындықтар байқалды.

3. Жас ерекшелігі мен мамандық бағыты практикалық нәтижелерге әсер ететін фактор болып табылады. Жоғары курс студенттері өз қабілеттерін бағалаудағы сенімділікті практикалық нәтижелермен салыстырмалы түрде дұрыс көрсетті, ал 1-2 курс студенттері кейде өз мүмкіндіктерін асыра бағалады.

4. Студенттердің цифрлық гигиеналық дағдылары мен практикалық қабілеттері арасындағы корреляция коэффициенті r = 0,62 болып, бұл олардың саналы әрекет ету қабілетімен және өз мүмкіндіктерін объективті бағалауымен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

5. Зерттеу нәтижелері студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту үшін практикалық тапсырмалар мен интерактивті платформаларды жүйелі түрде қолдану қажеттілігін дәлелдеді. Бұл цифрлық құралдарды меңгеру ғана емес, ақпараттық қауіпсіздік, онлайн этика, уақытты басқару және саналы таңдау дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді тәсіл болып табылады.

Осы тұжырымдар білім беру ұйымдарына студенттердің цифрлық экологиядағы гигиеналық дағдыларын арттыру, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру және болашақ мамандардың саналы цифрлық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Gilster P. (1997) *Digital literacy*. New York, NY: Wiley Computer Publishing, 273 [Электрондық ресурс]: URL: https://archive.org/details/digitalliteracy0000gils (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Buckingham D. (2015) *Digital Literacy: Interpreting Media, Texts and Technology in Schools*. Cambridge, UK: Polity Press [Электрондық ресурс]: URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=3282600 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

OECD (2019) *OECD Skills Outlook 2019: Thriving in a Digital World*. Paris, France: OECD Publishing [Электрондық ресурс]: URL: https://www.oecd.org/publications/oecd-skills-outlook-2019_6a4d2e9a-en.htm (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Van Dijk J.A.G.M., Van Deursen A.J.A.M. (2014) *Digital Skills: Unlocking the Information Society*. Palgrave Macmillan. DOI: https://doi.org/10.1057/9781137437037 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=3114772 (өтінім берілген күні: 28.02.2026)

Құдайбергенова С.Қ. (2013) Құзырлықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары. *ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы*, 1(38), 9-16 [Электрондық ресурс]: URL: https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/87/83 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Nizomova O.A. (2025) The model of teacher–student collaboration in developing digital hygiene culture in higher education institutions. *International Journal of Artificial Intelligence*, 5, 11, 2056-2059 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.academicpublishers.org/journals/index.php/ijai/article/view/8168 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

World Economic Forum (2025) *Future of Jobs Report 2025*. Geneva: World Economic Forum [Электрондық ресурс]: URL: https://www.weforum.org/reports/future-of-jobs-report-2025 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Schater S., Farnell G. (2023) The illusion of digital competence: Metacognitive monitoring in the

era of social media. *Computers in Human Behavior*, 142, 107654. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2023.107654 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563223000055?via%3Dihub (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Berdi D., Niyazova G., Bayterekova N., Koshanova G., Usembayeva I. (2024) Digital hygiene skills and cyberbullying reduction: a study among teenagers in Kazakhstan. *International Journal of Evaluation and Research in Education*, 13, 6, 4170-4188. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v13i6.28418 [Электрондық ресурс]: URL: https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/28418 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Сулейменова Ж.Т., Сейітқазы П.Б. (2024) Жоғары оқу орнында студенттердің цифрлық этикет дағдыларын қалыптастыру. *European Research Materials*, 5 [Электрондық ресурс]: URL: https://ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

Сайлыбаева К. (2026) *Цифрлық ортадағы білім беруде студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын зерттеу*. ҚазҰУ Хабаршысы: Психология және әлеуметтану сериясы, 96(1), 42-50. DOI: https://doi.org/10.26577/JPsS20269614 [Электрондық ресурс]: URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/2241 (өтінім берілген күні: 28.02.2026).

References

Gilster P. (1997) *Digital literacy*. New York, NY: Wiley Computer Publishing, 273 [Electronic resource]: URL: https://archive.org/details/digitalliteracy0000gils (date of access: 28.02.2026).

Buckingham D. (2015) *Digital Literacy: Interpreting Media, Texts and Technology in Schools*. Cambridge, UK: Polity Press [Electronic resource]: URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=3282600 (date of access: 28.02.2026).

OECD (2019) *OECD Skills Outlook 2019: Thriving in a Digital World*. Paris, France: OECD Publishing [Electronic resource]: URL: https://www.oecd.org/publications/oecd-skills-outlook-2019_6a4d2e9a-en.htm (date of access: 28.02.2026).

Van Dijk J.A.G.M., Van Deursen A.J.A.M. (2014) *Digital Skills: Unlocking the Information Society*. Palgrave Macmillan. DOI: https://doi.org/10.1057/9781137437037 [Electronic resource]: URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=3114772 (date of access: 28.02.2026)

Kudajbergenova S.K. (2013) Kyzyrlyktyn pedagogikalyk kategoriya retinde damuynyn zandylyktary. *KazUU habarshysy. Pedagogikalyk gylymdar seriyasy*, 1(38), 9-16 [Electronic resource]: URL: https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/87/83 (date of access: 28.02.2026).

Nizomova O.A. (2025) The model of teacher-student collaboration in developing digital hygiene culture in higher education institutions. *International Journal of Artificial Intelligence*, 5, 11, 2056-2059 [Electronic resource]: URL: https://www.academicpublishers.org/journals/index.php/ijai/article/view/8168 (date of access: 28.02.2026).

World Economic Forum (2025) *Future of Jobs Report 2025.* Geneva: World Economic Forum [Electronic resource]: URL: https://www.weforum.org/reports/future-of-jobs-report-2025 (date of access: 28.02.2026).

Schater S., Farnell G. (2023) The illusion of digital competence: Metacognitive monitoring in the era of social media. *Computers in Human Behavior,* 142, 107654. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2023.107654 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563223000055?via%3Dihub (date of access: 28.02.2026).

Berdi D., Niyazova G., Bayterekova N., Koshanova G., Usembayeva I. (2024) Digital hygiene

skills and cyberbullying reduction: a study among teenagers in Kazakhstan. *International Journal of Evaluation and Research in Education,* 13, 6, 4170-4188. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v13i6.28418 [Electronic resource]: URL: https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/28418 (date of access: 28.02.2026).

Sulejmenova Zh.T., Sejitkazy P.B. (2024) Zhogary oku ornynda studentterdin cifrlyk etiket dagdylaryn kalyptastyru. *European Research Materials,* 5 [Electronic resource]: URL: https://ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992 (date of access: 28.02.2026).

Sajlybaeva K. (2026) Cifrlyk ortadagy bilim berude studentterdin emocionaldyk turaktylygyn zertteu. *KazUU Habarshysy: Psihologiya zhane aleumettanu seriyasy*, 96(1), 42-50. DOI: https://doi.org/10.26577/JPsS20269614 [Electronic resource]: URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/2241 (date of access: 28.02.2026).

Поступила в редакцию: 04.03.2026
Одобрена: 12.04.2026
Первая публикация: 28.06.2026

МРНТИ: 15.01.77 https://doi.org/10.65247/3136-8042-2026-3.08

L.KURDEK CRSI ӘДІСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУЛЕРІ МЕН ПСИХОМЕТРИЯСЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ШОЛУ

*[1]Ш.ЖАНДӘУЛЕТҚЫЗЫ, [1]А.М.АЙТЫШЕВА
[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)
*shynar.zhandaulet2004@gmail.com, aigulmukatay3@gmail.com

Аңдатпа. Бұл зерттеу Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін талдауға және оның орыс тіліндегі нұсқасының психометриялық сипаттамаларын студенттік таңдамада пилоттық деңгейде тексеруге бағытталған. Зерттеуде қақтығыстарды шешу стильдерінің классикалық және қазіргі заманғы теориялық модельдері қарастырылып, CRSI әдістемесінің халықаралық бейімделу тәжірибесіне шолу жасалды. Эмпирикалық зерттеу онлайн форматта жүргізіліп, оған 25 студент қатысты. Зерттеу барысында әдістеменің төрт шкаласы бойынша сипаттамалық статистика көрсеткіштері және ішкі үйлесімділік коэффициенттері (Cronbach's α) есептелді. Алынған нәтижелер шкалалардың көпшілігі бойынша сенімділіктің қанағаттанарлық деңгейін, ал «Позитивті мәселені шешу» шкаласының жоғары ішкі үйлесімділігін көрсетті. Зерттеу қорытындылары CRSI әдістемесінің студенттік аудиторияда тұлғааралық қақтығыстарды шешу стратегияларын бағалауға жарамды екенін және оны кеңейтілген әрі репрезентативті таңдамада әрі қарай қолданудың орындылығын негіздейді.
Түйін сөздер: қақтығыстарды шешу стильдері, Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI), тұлғааралық қақтығыс, психометриялық қасиеттер, әдістемені бейімдеу, мәдени бейімделу.

Международные адаптации и психометрические характеристики методики CRSI Л.Курдека: теоретико-методологический обзор

[1]Ш.Жандәулеткызы, [1]А.М.Айтышева
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

Аннотация. Данное исследование направлено на анализ теоретико-методологических основ методики Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI), а также на пилотную проверку психометрических характеристик ее русскоязычной версии на студенческой выборке. В работе рассматриваются классические и современные теоретические модели стилей разрешения конфликтов, а также представлен обзор международного опыта адаптации методики CRSI. Эмпирическое исследование проводилось в онлайн-формате с участием 25 студентов. В ходе исследования были рассчитаны показатели описательной статистики и коэффициенты внутренней согласованности (α Кронбаха) по